

мектептің ғылыми-әдістемелік  
отырысында қаралды  
28.09.2024ж 2024 жыл

бекітемін  
Абай ат.ММИ директоры  
Д.О. Қапарова  
«14» 09 2024ж



## Медициналық кабинет туралы ереже

### 1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы Ереже (әрі қарай – Ереже) «Орта білім беру ұйымдарында медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2023 жылғы 14 наурыздағы №37 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығының "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары негізінде дайындалған.
- 1.2. Ереже медициналық кабинеттің қызметін реттейді (мектеп жасындағы балаларға медициналық көмек көрсету тәртібі, ұсынылатын штат нормативтері, ұсынылатын материалдық-техникалық жаратандыру және т.б.).
- 1.3. Медициналық кабинет өз қызметін әкімшілік және педагогикалық ұжыммен бірлесіп жүзеге асырады.

### 2. Медициналық кабинет қызметінің негізгі мақсаты мен міндеттері

**Медициналық кабинеттің мақсаты:** білім алушылар мен тәрбиеленушілерге тиімді медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру және олардың сырқаттануының алдын алу және көрсеткіштерін төмендету.

**Міндеттері:**

- профилактикалық медициналық тексерулер жүргізу;
- профилактикалық медициналық қарап-тексеру нәтижелері бойынша сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру;
- психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолдануға байланысты мінез-құлық тәуекелдерінің профилактикасы және оларды төмендету;
- вакцинация жүргізу;
- аурулардың профилактикасы, оқушылар арасында саламатты өмір салтын қалыптастыру және насихаттау, алғашқы көмек көрсету бойынша оқыту семинарларын, тренингтер мен дәрістер ұйымдастыру және өткізу;
- білім беру және түсіндіру іс-шараларын өткізумен ата-аналар мен педагогтерді оқушылардың денсаулығын сақтауға тарту;
- жедел медициналық көмек көрсететін медицина қызметкерлері келгенге дейін кезек күттірмейтін жағдайларда алғашқы көмек көрсету.

### 3. Медициналық кабинеттің жұмысын ұйымдастыру негіздері

- 3.1. Медициналық кабинетте оқушыларға медициналық көмекті «Педиатрия», «Жалпы дәрігерлік практика» мамандығы бойынша дәрігерлер (мектеп дәрігері), кеңейтілген практика медбике, жалпы практика медбикесі, учаскелік медбике, мамандандырылған медбике, білім беру ұйымдарындағы медициналық пункт медбикесі, «Мектеп медицинасындағы мейіргер ісі» мамандығы бойынша медбике (мектеп медбикесі) көрсетеді.
- 3.2. Медбике 5 жыл сайын біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, белгіленген үлгідегі құжатты алуға міндетті.
- 3.3. Дәрігер, медбике білім алушыларды жоспарлы диспансерлеуді, емдеуді және (немесе) ауруы бойынша оңалтуды жүзеге асырады.
- 3.4. Медициналық кабинет бірінші қабатта орналасқан және медициналық мекемелерге

қойылатын барлық санитарлық-гигиеналық талаптарға сай жабдықталған. Және білім алушыларға дәрігерге дейінгі және білікті медициналық көмек көрсетуге арналған жеке емдік кабинеті бар.

#### 4. Дәрігер мен медбикелердің міндеттері:

##### 4.1. Дәрігер мынандай міндеттерді жүзеге асырады:

- мектеп жасындағы балалардың денсаулығын сақтау және нығайту жөніндегі іс-шараларды жоспарлайды;
- профилактикалық медициналық тексеріп-қарау жүргізу кестесін жасайды және оның іске асырылуын қамтамасыз етеді;
- білім алушыларды профилактикалық медициналық тексеруден өткізуге қатысады;
- профилактикалық медициналық тексеріп-қарау нәтижелері бойынша уақтылы диспансерлеуді бақылауды жүзеге асырады;
- профилактикалық медициналық тексеріп-қарау нәтижелері бойынша денсаулық топтарына сәйкес 1 және 2 денсаулық тобындағы оқушыларды негізгі дене шынықтыру тобына, 3 және 4 денсаулық тобындағы оқушыларды арнайы медициналық дене шынықтыру тобына айқындайды;
- арнайы медициналық топқа белгіленген оқушылардың тізімін ұсынады;
- білім алушыларға, педагог және техникалық персоналға жіті және созылмалы аурулар, жарақаттар (стационарға дейінгі кезек күттірмейтін көмек, тіркелген жері бойынша медициналық ұйымға жіберу, «жедел» көмек бригадасын шақыру) жағдайларында кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетеді.

4.2. Мектеп оқушыларын профилактикалық тексеруден өткізуді, оқушылармен және олардың заңды өкілдерімен түсіндіру жұмыстарын жүргізуді қоспағанда, білім беру ұйымының медициналық пунктінде мектеп дәрігерінің тұрақты қатысуы талап етілмейді.

##### 4.3. Медбикелер мынандай міндеттерді жүзеге асырады:

- білім алушылардың денсаулығын сақтаудың жылдық жоспарын жасайды;
- ауру адамдарды анықтау мақсатында мектепке қабылдау кезінде балаларды медициналық тексеруден өткізу және т.б. педикулез үшін;
- профилактикалық медициналық қарап-тексеру жүргізу үшін білім алушылардың нысаналы топтарының тізімін жасайды;
- жоспарлы, маусымдық немесе эпидемиялық көрсетілімдер бойынша кейіннен егілгендерді бақылай отырып, білім алушыларға вакцинациялау жүргізуді қамтамасыз етеді;
- білім алушыларға, педагог және техникалық персоналға жіті және созылмалы аурулар, жарақаттар (дәрігерге дейінгі кезек күттірмейтін көмек, тіркелген жері бойынша медициналық ұйымға жіберу, «жедел» көмек бригадасын шақыру) жағдайларында кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетеді;
- салауатты өмір салты маманымен бірлесіп салауатты өмір салтын насихаттау және қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;
- психолог және әлеуметтік педагогпен бірлесіп, психикалық денсаулықты сақтау, темекі бұйымдарын тұтынудан, психикаға белсенді әсер ететін заттарды медициналық емес мақсатта тұтынудан, сондай-ақ құмар ойындарға патологиялық елігуден туындаған суицидтік мінез-құлық пен тәуелділіктің профилактикасы бойынша жұмыстарға қатысады;
- білім беру объектісіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар ескере отырып, тәрбиеленушілер мен білім алушыларды бөліп отырғызуды бақылауды қамтамасыз етеді.

4.4. Шұғыл көрсетілімдер болған жағдайда немесе мектеп оқушыларының өміріне қауіп төнген кезде медициналық көмек ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімінсіз, көрсетілген медициналық көмек туралы ата-аналарды (заңды өкілдерін) кейіннен міндетті түрде хабардар ете, отырып көрсетіледі.

## 5. Медициналық кабинет қызметтің мазмұны

5.1. Медициналық кабинет өз қызметін балаларға медициналық-санитарлық қызмет көрсетудің жылдық жоспары негізінде келесі бағыттар бойынша жүзеге асырады:

- ұйымдастыру жұмыстары,
- емдеу-алдын алу жұмыстары,
- эпидемияға қарсы жұмыстар,
- санитарлық-ағарту жұмыстары.

5.2. Медициналық кабинеттің құжаттары:

- 1) инфекциялық ауруларды есепке алу журналы;
- 2) жіті инфекциялық аурулармен байланыстарды есепке алу журналы;
- 3) профилактикалық егулер картасы;
- 4) профилактикалық егулерді есепке алу журналы;
- 5) вакциналардың, басқа бактериялық препараттардың қозғалысын тіркеу журналы;
- 6) Манту сынамаларын тіркеу журналы;
- 7) Манту сынамасы бойынша зерттеп-қарауға жататын тәуекел тобындағы балаларды тіркеу журналы;
- 8) фтизиопедиатрда қосымша зерттеп-қарауға жататын туберкулиннің оң нәтижесі бар адамдар журналы;
- 9) гельминттерге зерттеп-қаралатын адамдарды тіркеу журналы;
- 10) баланың денсаулық паспорты;
- 11) тәуекел тобындағы балалардың тізімдері;
- 12) студенттерді флюорографиялық зерттеп-қарауды есепке алу журналы;
- 13) флюорографиялық оң нәтижесі бар адамдарды есепке алу журналы;
- 14) диспансерлік қадағалаудың бақылау картасы;
- 15) тереңдетілген профилактикалық медициналық тексеріп-қарау журналы, мамандардың актілері;
- 16) оқушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке медициналық карталары;
- 17) ас блогы жұмыскерлерінің денсаулық жағдайын тіркеу журналы;
- 18) шикі өнімдерге арналған бракераж журналы
- 19) дайын тамақтың сапасын бақылау (бракераж) журналы
- 20) "С- витаминдеу" журналы;
- 21) бір айдағы тамақтану өнімдері нормаларының орындалуын бақылау тізімдемесі.